

4. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.) Архив Президента Республики Казахстан. — 2-е изд. — Алматы — М.: Готика, 2000. — 376 с.
5. Сигаури И.М. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен. – М.: Издательский дом «Русская жизнь», 1997. – 355 с.
6. Уралов А. (Авторханов А.). Народоубийство – убийство чечено-ингушского народа - М.: Вся Москва, 1991. - 62 с.
7. Так это было. Национальные репрессии в СССР 1919-1952 гг. Т.2. – М., -77 с.

## **ҚАЗАҚСТАНҒА КСРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Шотбакова Л.К., т.ғ.к., профессор**  
**Тәңірберген Р.Б., магистрант**  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның егемен мемлекетке айналғаннан бастап қоғам өмірінің барлық салаларын реформалауы ісі қолға алынды. Бұндай реформалар тарих ғылымына да жетті. Соңғы уақытқа дейін зерттелмеген немесе аз зерттелген, яғни тарих ғылымының ақтандақтары ашыла бастады. Олардың қатарына біздің көпұлтты республикамыздың күштеп жер аударылған халықтарының тарихы да жатады.

XX ғасырдың бірінші жартысы отандық тарихтың ең күрделі кезеңдерінің бірі – КСРО халықтарының Қазақстанға күштеп жер аударылуы. Төңкерістен кейін өз позициясын нығайта отырып, Кеңес республикасының билігі қолайсыз халықтарды қоныстанған жерлерден мәжбүрлеп шығаруды белсенді түрде қолданды. Бұл халықтарды күштеп жер аудару сталинизм қылмысы болып саналады. Бұл мақала, көбінесе, деректерге сүйене отырып жазылды. Бірақ оған қарамастан, кіріспеде қысқаша аталған тақырып бойынша тарихнамаға көңіл бөлдік. Шетелдік авторлардың ішінде бөліп көрсетуге тұрарлық Р. Конквест [1], А. Некрич [2], Н. Ф. Бугай [3], П.М. Полян [4] және т.б.

Осы тақырып бойынша шетелдік автор А. Некричтің «Наказанные народы» еңбегі бар. Ол еңбек 1970 жылдары орыс тілінде жазылған. Автор осы кезде КСРО – да тұрған. Содан кейін Нью – Йоркте ағылшын тілінде қайта басылып шыққан. Ол алғаш рет КСРО – дағы этникалық күштеп жер аударуды ғылыми мәселе ретінде қарастырды. Дереккөздердің шектеулі құрамына қарамастан, автор халықтарды жер аударудың, олардың арнайы қоныс аударушылар мәртебесінде ие болуының тұтас көрінісін көрсетуге тырысты.

Күштеп жер аудару мәселесін дамытуға ең маңызды үлес Н.Ф. Бугайдың зерттеулері болды. Н. Ф. Бугайдың «Л. Берия – И. Сталину: согласно вашему указанию» монографиясында жинақталған эмпирикалық материалды жалпылау әрекеті жасалды. Автор тарихнамада алғаш рет 1930 – 1950 жылдардағы КСРО – дағы мәжбүрлі қоныс аудару тарихын зерттеді. XX ғасыр Кеңес мемлекетінің тарихындағы әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде және осы құбылыстың негізгі заңдылықтарын көрсетті. Басылымда Солтүстік Кавказ халықтарының жер аударылуы, осы жер аударудың салдары, сондай-ақ оналту процестері егжей – тегжейлі көрсетілген.

Қазақстандық авторлардың еңбектерінен М.Қ. Қозыбаевтың «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» атты 2 томдық басылымын атауға болады [5], Бөлімдердің бірінде «күштеп жер аударылған халықтар тарихын зерттеудің кейбір аспектілері» тақырыбы аясында жазылған. М.К. Қозыбаев күштеп жер аудару тақырыбында жазылған жұмыстарға жан-жақты тарихнамалық шолу жасай отырып, КСРО халықтарының жер аударылу тарихын көрсетті.

Қазіргі таңда Қазақстанға КСРО халықтарының күштеп жер аударылуының негізгі екі кезеңге бөлуге болады деп ойлаймыз. Олар:

1. Соғысқа дейінгі күштеп жер аудару (1936 – 1941жж)

2. Соғыс уақытындағы күштеп жер аудару (1941 – 1944 жж)

1930-шы жылдардың бірінші жартысында халықтарды Қазақстанға күштеп жер аударудың бірінші толқыны басталды. Бұл кулактармен күресу қажеттілігімен негізделген шара болды.

XX ғасырдың 30 жылдарының екінші жартысында көші – қон ағындары күрт жанданды. Осы уақытта халықтарды мәжбүрлеп көшіру саясаты белсенді түрде тарала бастады. Күштеп жер аударудың негізгі критерий этникалық сипатта болды.

Бірінші болып поляк халқы күштеп жер аударылды, олар Украина аумағынан, яғни КСРО-ның шекаралас аудандарынан Қазақстанға көшірілді.

Қоныс аударатын шаруашылықтардың 12 мыңын жұмыс істеп тұрған колхоздар мен 3 мыңын жаңадан ұйымдастырылған дербес колхоздар құруға жіберді. Украина және КСРО – ның шекаралас аудандарынан күштеп жер аударылған Казкрайкомның 1936 жылғы 16 ақпандағы жарғысына сәйкес поляктар келесідей облыстар қоныстанды: Оңтүстік Қазақстан облысына 5550 шаруашылық, оның ішінде 1000 – Арал, 1000 – Келес, 1000 – Сайрам, 500 – Арыс, 500 – Ленгір аудандарында мақта шаруашылығы негізінде; 1000 – Мирзоян және 500 – Мерке аудандарында қызылша өсіретін аудандарға шаруашылық негізінде көшірілді [6, 47 б.].

Алма – Ата облысына 3000 шаруашылық, оның ішінде Талдықорған 1000 шаруашылық қызылша өсіру негізінде, 1500 шаруашылық Енбекшіқазақ және Шілік аудандарына темекі және қызылша өсіру ұжымшарларына көшірілді. Іле және Қаскелең аудандары мен Қаратал ауданына 500 шаруашылық қоныстанды [6, 47 – 48 б.].

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданына қызылша өсіруді дамыту үшін 2000 шаруашылық және Киров ауданына 500 шаруашылық көшірілді [6, 15 – 16 б.].

Қарағанды облысына 3000 шаруашылық көшірілді. Олар Молотов, Зеренді, Атбасар, Арықбалық, Калинин және Малинск аудандарына 500 шаруашылықтан бөлінді. Ақтөбе облысына 1000 шаруашылық қоныс аударылды [6, 47 – 48 б.].

Ал шын мәнінде 15000 шаруашылық және 45000 адам емес, одан көп поляктар жер аударылған болатын. Оған дәлел ретінде Қарағанды обкомы Аммосовтың 17 шілде 1936 жылы Сталинге жазылған хатында шекаралардан 1 шілдедегі жағдай бойынша 5535 қоныс аударушы шаруашылық облысқа нақты әкелінді, халықтың жан саны 26 778 адамды құрады делінген. Бұл жағдай 15000 шаруа қожалығын әкелу кезінде контингентті 45 000 адамның орнына 72 000 адамды қамтыды [7, 27 б.].

ОМЗТІ СКОУ НКВД бастығы Черепановтың есебіне сәйкес 1937 жылғы 1 мамыр жағдай бойынша Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 12 008 қожалық жер аударылған деп берілген. Олардың ішінде мына аудандарда Келлеровск – 4538, Красноармейск – 4449, Сталинск – 1261, Атбасар – 228, Арықбалық – 308, Айыртау – 158 және т.б. қожалықтар орналастырылды [7, 54 – 55 б.].

Казкрайкомның 1936 жылғы 16 ақпандағы жарғысына сәйкес Қазақстанға қоныс аударатын 15 мың неміс және поляк колхоздарын орналастырудың тәртібі мен іс-шараларын белгіленді. Осы колхоздардың ішінде 45000 адам болды. Бірақ бұл құжатта 1936 жылы қандай немістер және қай жерден күштеп жер аударылғандығы туралы мәліметтер келтірілмеген. Сондықтан, немістер туралы нақты мәлімет беру қиындау болып отыр [7, 15 б.].

Күштеп жер аударылғандардың бірі Қиыр Шығыс кәрістері болды. Бұл халықтың өкілдері Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралас және көрші аймақтарынан тыс жерлерде де іздестірілді. Орталық Ресейдің қалаларында тұрып, оқыған корейлер тыңшылық жасады деп күдіктеніп, сөзсіз қазақ жерлеріне жіберілді. 1937 жылы 21 тамыздағы Молотов пен Сталин қол қойған жарлық қабылданып, корей халқы тұтастай Қазақстан мен Өзбекстан елдеріне күштеп жер аударылды [8, 51 б.].

Кәрістерді Қазақ Республикасының жерлеріне мәжбүрлеп көшіру 1937 жылдың қазан айының соңында аяқталуы керек еді. Қоныс аударған кәрістер жолаушылар вагондарында

емес, тауар вагондарында шығарылды. Көп күндік жолды оңай деп атауға болмайды. Күштеп жер аударылған кәрістердің басым бөлігі Қазақстанға келгенге дейін жолда қайтыс болды. 1937 жылғы қыркүйек айындағы Хабаровск жерінде кәріс эшелоны күйреді. 7 алдыңғы вагон қирап, нәтижесінде 19 адам қайтыс болған [8, 53 б.].

Қаз КСР НКВД жоспары бойынша 1937 жылдың 25 қыркүйек пен 24 қазан аралығында Қазақстан жеріне 63 эшелон кәріс халқы жеткен. Оның ішінде 18 009 кәріс отбасы болған [8, 54 б.].

Қаз КСР НКВД есептік тіркеу бөлімінің деректері бойынша 1937 жылғы 28 қазанда Қазақстанға 70 эшелон ішінде 12 129 отбасы, 58 427 адам болған. Тағы 7927 отбасы жолда болған. Барлығы 90 эшелон ішінде 20 789 отбасы, 100 мыңға жуық кәріс болған. Ал жоспар бойынша 63 эшелон 18 009 отбасы болып еді [8, 68 б.].

Қаз КСР НКВД бастығы, аға лейтенант Шкеленің КСРО НКВД қоныс аудару бөлімінің бастығы Плинерге 1938 жылы жазған хатында кәрістерді Қазақстан аумағына қоныстандыру келесідей облыстарды қамтыды: Алматы 1616 отбасы, 7851 адам; Оңтүстік Қазақстан 8867 отбасы, 43 181 адам; Ақтөбе 1744 отбасы, 7666 адам; Солтүстік Қазақстан 2299 отбасы, 9350 адам; Қарағанды 3073 отбасы, 14 792 адам; Қостанай 720 отбасы, 3746 адам; Батыс Қазақстан 1950 отбасы, 9017 адам [8, 69 б.].

ОМЗТП СКОУ НКВД бастығының орынбасары Ляховтың есебінде 1938 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Солтүстік Қазақстан облысының Келлер ауданының аумағында 12 358 поляк, 4915 неміс, 3466 кәріс ұлты өмір сүрген. Красноармейск ауданында 12 272 поляк, 5266 неміс, 119 украин, 3750 кәріс ұлттары өмір сүрген. Сталинск ауданында 2209 поляк, 555 неміс, 4738 орыс, 1806 украин, 157 армян, 116 өзбек, 83 грузин, 60 татар ұлты қоныстанған [8, 72 б.].

Ұлы Отан соғысының басталуымен халықтарды күштеп жер аударудың жаңа кезеңі басталды. Осы кезеңде кеңестік немістер жер аударыла бастады. Оларды Еділ, Грузия, Әзірбайжан, Армения аумақтарынан шығару басталды. 1941 жылы кеңестік немістер, Қырым татарлары, қалмақтар, балқарлар, шешендер, ингуштар, қарашай месхетиндер сияқты мемлекеттілігінен айырылып, «мыңдаған және ондаған диверсанттар мен тыңшылар» деген күдікпен бөтен жерге жіберілді.

Немістер барлық аталған ұлттардың ішіндегі ең үлкен ұлттық топ болды және олардың тағдыры сол кезден бастап басқа халықтардың тағдырынан өзгеше болды. Республикаға қоныс аударуға жоспарланған 472 174 немістің 1941 жылы 105 эшелонға келін, 243904 адам қоныс аударды. 1941 жылғы 1 қарашада 113 мың эвакуацияланған, жылы киімі жоқ адамдарды Қазақстанға жіберуге байланысты Қазақстанның БКП(б) ОК шешімі бойынша немістерді қоныстандыру жоспары өзгертілді. Қазақстанның оңтүстік облыстарынан (Алматы, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан) 50 мың адам шығарылды. Олар Қостанай, Петропавл және Ақмола облыстарында 10 мың адамнан; Павлодар және Семей облыстарында - 7500 адамнан; Қарағанды облысында - 6 мың адамнан және Ақтөбе облысында - 5 мың адамнан орналастырылды. Барлық қоныс аударылғандар колхоздарда, совхоздарда, МТС және ішінара аудан орталықтарында орналастырылды. 1941 жылы Ақмола облысында саны 30590 адам және Павлодар облысында 21146 адам немістердің алғашқы партиясын қоныстандыру ұйымдасқан түрде өтті. Атап айтқанда, Павлодар облысында қоныс аудару басқармасының бос тұрғын үй қорына 4190 адам, совхоздарға - 3150 адам орналастырылған болатын [9, 26 б.].

Шешендерді мәжбүрлеп көшіру туралы шешімді Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің Президиумы қабылдады. Негізгі негіздеме кавказдықтарды жаппай шегінуге және фашистердің жағына өтуге айыптау болды. Қазақстанға шешендердің қоныс аударуының тағы бір себебі ықпалды бүлікші ұйымның құрылуы болды.

1944 жылдың 20 ақпанында «Чечевица» операциясы басталды. Қатардағы азаматтарды арнайы қоныс аударушылар мәртебесін берін, қазақ даласына жіберді. Республиканың рухани элитасына Алматыда тұруға рұқсат етілді. Биліктің рухани көшбасшыларға қатысты салыстырмалы демократиялық мінез-құлқы олардың қарулы

жастарға үлкен әсер еткендігімен түсіндірілді. Адам жағдайының орнына имамдар содырларды қаруды тапсыруға және қарсылықты тоқтатуға көндіруі керек еді. Шешен халқының ақталуы тек 80-жылдардың соңында болды. Бірақ кейбір қайшылықтар мен қақтығыстар әлі шешілген жоқ [10, 64 б.].

1943-1944 жылдары Қазақстанға Солтүстік Кавказ халықтарының және басқа да ұлттардың 507 мың өкілі күштеп көшірілді. 1944 жылдың қарашасында Орта Азия мен Қазақстан Республикалары Месхетияның (Грузин КСР) 220 елді мекенінен 110 мыңнан астам адамды қабылдады. Күштеп жер аударылған халықтардың қайғылы тағдырын Солтүстік Кавказ халықтары басынан өткізді. 1943-1944 жылдары қарашайлар, балқарлар, шешендер мен ингуштар жер аударуға ұшырады. Содан кейін қалмақтар мен Қырым татарларының жер аударылуы басталды. [10, 87 б.].

Жер аударылған адамдардың өмір сүру жағдайларын оңай деп атауға болмайды. Тұрғын үй қажеттілігі туындады. Мыңдаған күштеп қоныстандырылған халықтар аштықтан қырылды. Статистика материалдары 1944-1948 жылдар аралығында 145 мыңға жуық адам қайтыс болды деп мәлімдейді. Бұл жалпы күштеп жер аударылған халықтардың 24% құрады.

1944 жылы түріктерді күштеп жер аудару басталды [11, 45 б.]. Сондай-ақ, гректер, болгарлар мен армяндарды жер аудару туралы Үкіметтің бірқатар қаулылары қабылданды. Халықтың жекелеген топтарын босатылған аумақтардан шығару жалғасты. Кабардиндер, Балтық жағалауы елдерінің халықтары, қалмақтар және басқа халықтар күштеп жер аударуға ұшырады [12, 19 б.].

Сонымен, халықтардың қоныс аударуы 1940 жылдардың аяғына дейін жалғасты. Соғысқа дейінгі кезеңде және Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтарды Қазақстанға күштеп көшіру процесі осындай хронологиялық тәртіппен жүрді. Жаппай қуғындауға ұшыраған халықтарға сол қиын, сын жылдары өмір сүруге қарапайым қазақ халқының жанашырлығы мен гуманизмі көмектескен болатын.

Соғысқа дейінгі кезеңде Қазақстанда күштеп жер аударылған 136947 адам (36350 отбасы) болды, олар 6 облыста (Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан), НКВД шаруашылық ұйымдары мен кәсіпорындарында қоныстанды. Республикада 101 арнайы ауыл қуғындауға ұшыраған халықтарға қоныстануына жабдықталды. НКВД деректері бойынша, Ұлы Отан соғысының басында барлығы 175831 адам (45620 отбасы) есепке алынған, олар Батыс Қазақстан облысын қоспағанда, 10 облыс: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Семей, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары бойынша және Ақмола қоныс аударған. 1944 жылдан бастап Қазақстан аумағында күштеп жер аударылған халықтар саны күрт өсті [13, 17 б.].

Соғыс кезінде Қазақстанда 900 мыңнан 1 миллион 209 мың адамға дейін арнайы қоныс аударушылар болған, ал ҚазКСР НКВД деректері бойынша 1945 жылғы 1 қаңтарда 815319 адам (232593 отбасы) (корейлерді есептемегенде) есепте тұрған, оның ішінде: немістер – 243722 адам; шешен-ингуштар – 360405 адам; кабардин – балқарлар – 20288 адам; Молдавия мен Балтық елдерінен арнайы қоныс аударушылар – 8064 адам; қалмақтар – 2541 адам; қарашайлар – 40767 адам; қырымдықтар – 4224 адам. Олар Батыс Қазақстан облысын қоспағанда, барлық облыстарға қоныстанды. Алматы – 23676 адам; Қарағанды – 104591 адам; Семей – 51605 адам; Ақтөбе – 2200 адам; Ақмола – 105780 адам; Шығыс Қазақстан облысы – 44872 адам; Гурьев – 6528 адам; Жамбыл – 54061 адам; Батыс Қазақстан облысы – 244 адам (бұрынғы кулактар); Қостанай – 73483 адам; Көкшетау – 102511 адам; Қызылорда – 28866 адам; Павлодар – 6084 адам; Солтүстік Қазақстан облысы – 43246 адам; Талдықорған – 32353 адам; Оңтүстік Қазақстан облысы – 59962 адам [14, 232 б.].

Күштеп жер аударылған халықтардың өкілдері қарапайым құқықтарынан айырылды, моральдық және әлеуметтік жағынан күйреді. Арнайы қоныс аударушылардың жеке мүлкі мен меншігін сақтау құқығы қамтамасыз етілмеді. Бірақ, бұл мәселе мемлекеттік құжаттарда көзделген болатын: арнайы қоныс аударушыларға тиесілі ауыл шаруашылығы жағдайын, малын, астық жемін оларды қоныстандыру орнында өтеуді арнайы комиссияларға тапсыру.

Арнайы қоныс аударылғандардың жағдайы жергілікті комендатураларда, НКВД органдарында тіркеудің, қайта тіркеудің кемсітушілік рәсімдерімен сипатталды. Арнайы қоныс аударушының әрбір қадамы бақыланды, кез келген болмашы бұзушылық дереу жазаға тартылды. 16 жасқа толған әрбір арнайы қоныс аударушыға жеке карточка берілді. Отбасылық есеп, сондай-ақ арнайы қоныс аударушыларды алфавиттік карточкалар бойынша есепке алу жүргізілді. Әрбір арнайы қоныс аударушыға жеке іс қозғалды.

Қорлауға қарамастан, жер аударылған халықтар ел үшін қиын уақытта патриотизмге толы болды. Биліктің сенімсіздігін, азаматтық құқықтардың шектеулерін сезіне отырып, олар бүкіл Кеңес халқының қайғы – қасіреті мен қиындықтарын толығымен сезінді. Бірақ соғыс жылдарында ерекше еңбек армиясы болды. Еңбек майданында табандылық пен ерлік көрсете отырып, олар жалпыхалықтық жеңіске үлкен үлес қосты, бұл Ұлы Отан соғысы тарихында әскери майдандағы батырлықтан кем болмады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан аумағында 31 Наркомат және бір кеңестік ұйым мен мекеме болды, оған аудандық кеңестер, ауылдық кеңестер, нарсудтар мен газет редакциялары кірді. Халық комиссариатында барлығы 58 еңбек поселкесі болды, онда 145329 арнайы қоныс аударушылар тұрды, оның ішінде 27820 - ерлер, 28398 - әйелдер және 4075-жасөспірімдер. 60293 арнайы қоныс аударушылардың, оның ішінде 14 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің еңбегі пайдаланылды. Осы Наркоматтардан басқа, 1943 жылдың аяғында республикаға Тагиллаг, Алтайлаг, Каруголь, Кузбассуголь, Богословлаг, Боқан станциясының Басмұнай және өнеркәсіптік қорғаныс ұйымдары кіретін қорғаныс құрылыс кәсіпорындары да келді, оған тағы 1567 адам қатысты. Жалпы қиын уақытта Наркоматтар бойынша барлығы 760 арнайы қоныс аударушылар еңбек етті, олар кәсіпорындардың барлық жұмысшыларымен қатар халық бұқарасының еңбек көтеруіне тең дәрежеде қатысты, бұл туралы олардың өндірістік нормалары куәландырады [15, 147 б.].

Айта кету керек, арнайы қоныс аударушылар сайлау құқығын бүкіл халыққа ортақ негізде пайдаланды. Бірақ Ережеге сәйкес арнайы қоныс аударушылардың қолында жеке басын куәландыратын құжаттары бола алмайтындықтан, КСРО ПХК-нің арнайы қоныс аударушының дауыс беруге келген кездегі құжаты бір күнге берілген еңбек кітапшалары болуы мүмкін екендігі туралы нұсқауы мен растауы болды. Жұмыспен айналыспайтын арнайы қоныс аударушыларға (жұмыс істемейтін отбасы мүшелері және асырауындағы адамдар), еңбек поселкелерінің комендатуралары арнайы бланкілер беруге тиіс болды.

Осылайша, соғыстан кейінгі кезеңде күштеп жер аударылған халықтардың құқықтық жағдайындағы шектеулерді алып тастау барысын талдау оңалту процесінің өзі біртіндеп жүріп жатқанын, арнайы қоныс аударушылар XX ғасырдың 50-ші жылдарының ортасына дейін халықтың бұзылған санаты болып қала бергенін және негізгі жұмыс күшін құрағанын көрсетеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тұтас халықтардың күштеп жер аударылуы республикадағы әлеуметтік және саяси шиеленістердің шиеленісуіне ықпал етіп, экономикалық, шаруашылық, идеологиялық, саяси және ұлтаралық проблемалар туғызды. Қазақстанның аумағы Сталиндік режиммен елдің басқа аудандарындағы көптеген және жүздеген мың шаруалар үшін « күштеп жер аудару» орны ретінде анықталды. 1930 – 1940 жылдары халықтарды күштеп депортациялау ұлттық топтардың жаппай қоныс аударуына дейін пайда болған жаңа әлеуметтік-әлеуметтік форманың ең табиғи мәні бағдарламаланған өлім-жітім болды.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Конквест Р. Большой террор. Лондон: Оксфорд, 1968. – 1029 б.
2. Некрич А. Наказанные народы. Нью-Йорк: Хроника, 1978. – 169 б.
3. Бугай Н.Ф. Л. Берия-И. Сталину: «Согласно Вашему указанию». Москва: АИРО-XX, 1995. – 319 б.
4. Полян П.М. Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР. Москва: Мемориал, 2001. – 328 б.

5. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы: Ғылым, 2000. – 420 б.
6. Из истории депортаций. Казахстан. 1935-1939 гг. Сборник документов. Т2. – Алматы: LEM, 2014. – 740 б.
7. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956) Сборник документов. Алматы: ТОО Издательский дом Казахстан, 2000. - 344 б.
8. Кан Г.В. История корейцев Казахстана. Алматы: Ғылым, 1995. – 207 б.
9. Айсфельд А. Депортация, спецпоселения, трудовая армия. Алматы, 2003. – 286 б.
10. Уралов А.С. Народоубийство - убийство чечено-ингушского народа. Москва, 2003. – 256 б.
11. Габдуллина А.Ж. Социально – культурное развитие турецкой диаспоры в Казахстане (1944 - 2000). Алматы, 2008. – 137 б.
12. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. Алматы, 2000. – 256 б.
13. Земсков В.Н. Спецпоселенцы (по документам НКВД – МВД СССР). Социологические исследования, 1990. – 234 б.
14. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века, Алматы, 1997. –360 б.
15. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930 – 1956 гг.). Алматы, 2006. – 344 б.

## **ХІХ БЕН ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР РЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҰСТАНЫМДАРЫ. ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ**

**Шотбакова Л.К.**, т.ғ.к, профессор

**Мусин А.М.**, магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

ХІХ бен ХХ ғасырдың басында қазақ жеріне түрлі этностардың күштеп, әрі ерікті түрде қоныстандырылуының нәтижесінде, патша үкіметінің отарлау саясаты толығымен жүзеге асырылған болатын. Сол уақыттағы кез келген жазба деректері, тарихнама болсын, барлығы да қазақ жұртының өзіндік мінез-құлықтарының стереотиптері туралы: кеңпейілділік, ашықтық, ұлт аралық қатынастардағы ксенофобияның жоқтығы туралы мәліметтер кездесін жатады. Халқымыздың тарихи жадының негізінде, қазақ ұлтының этносаралық қатынастардағы дәстүрлі стереотиптеріне анализ жасау арқылы, қазақ жерінің түрлі этностардың екінші отанына айналуының факторларын қарастыру мақаламыздың негізгі мақсаты болмақ.

Тақырыпқа қатысты тарихнамада кездесетін белгілі бір тарихи уақыт аралығындағы қазақ халқының күнделікті өмірдегі мінез-құлқы; саяси, мәдени, этникалық-конфессиялық оқиғалар аясындағы қарапайым адамдардың күнделікті өмірі алынады. Оған ментальдық тарих, әлеуметтану, антропология, әлеуметтік, мәдени және этникалық тарих, сонымен бірге тарихи психология сияқты көптеген ғылым салалары жүгінеді. Қазақстан тарихындағы халқымыз бен оның мемлекеттілігін зерттеудің ғылыми бастамалары орыс ғалымдарының еншісінде. Себебі, «Отар елдің тарихын, отарлаушы ел жазады». Қазақ хандығы Ресей империясының метрополиясына айнала бастаған уақытта авторлардың ғылыми аясы кеңейе түсті. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап хандықты зерттеу тақырыптары күнделікті тәртіпке айналып, арнайы мекемелер, ұйымдар өз жұмыстарын жүргізе бастады. 1861-1917 жылдар аралығындағы жергілікті қазақ халқы мен қоныс аударылғандар арасындағы саяси-